

Орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді жүргізу қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 19 қазандағы № 17-02/532 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8095 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері" 2019 жылғы 5 шілдедегі №479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 189) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 01.10.2025 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Е.Н. Нысанбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Е. Аман

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2012 жылғы 19 қазандағы
№ 17-02/532 бұйрығымен
бекітілген

Орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді жүргізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы

Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері" 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 189) тармақшасына сәйкес әзірленді және орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді (бұдан әрі - түгендеу) жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 01.10.2025 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік орман қорында орман дақылдарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және табиғи өсуге қалдырылған алқаптарды түгендеу – орындалған жұмыстардың көлемін нақтылау, ормандарды молықтыру мен орман өсіру бойынша жұмыстардың тиімділігін, құрылып жатқан орман дақылдарының, орман питомниктерінде өсірілген отырғызу материалының сапалық жай-күйін анықтау, сондай-ақ жойылған орман дақылдарын, питомниктердің егістік және үлгілік ағаштар бөлімшелерінің алқаптарын және табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген қайта түлемеген алқаптарды анықтау және оларды есептен шығару;

2) көктемгі орман дақылдары – көктем кезінде отырғызылған ағаштар (егістер);

3) күзгі орман дақылдары – күз кезінде отырғызылған ағаштар (егістер);

4) біржылдық орман дақылдары – ағымдағы жылдың көктемінде және осының алдындағы жылдың күзінде құрылған орман дақылдары;

5) орман ағаштарының жерсінуі – орман ағаштарының жерсіну кезеңіндегі сапасының көрсеткіштері (орман ағаштарын отырғызғаннан немесе тұқымын сепкеннен кейінгі бірінші және екінші жылдар). Жерсінген өсімдіктер санының отырғызылған өсімдіктердің жалпы санына пайызбен көрсетілген арақатынасымен айқындалады;

6) орман ағаштарының сақталуы – орман ағаштарының жеке өсу кезеңіндегі сапасының көрсеткіші (3 жылдан бастап орман көмкерген алқапқа ауыстырылғанға дейін). Сақталған өсімдіктер санының отырғызылған өсімдіктердің жалпы санына пайызбен көрсетілген арақатынасымен айқындалады.

3. Түгендеу жыл сайын 1 қыркүйектен 10 қазанға дейін мемлекеттік орман иеленушілер бойынша мемлекеттік орман қорының бүкіл аумағында жүргізіледі. Түгендеуді өткізу мерзімі осы Қағиданың 7 және 14-тармақтарында көзделген жағдайда ұзартылады.

4. Түгендеуді өткізу үшін мемлекеттік орман иеленушінің бірінші басшысының бұйрығымен:

1) бірінші басшы орынбасарының (комиссия төрағасы), бас бухгалтер, орман дақылдарының инженері (ормандарды молықтыру мен орман өсіру мәселелері жөніндегі маман) құрамында орталық комиссия;

2) орман күтуші (комиссия төрағасы) және орманшылық мамандары, орман шеберлері, орманшылар – мемлекеттік инспекторлар) құрамында түгендеу комиссиялары (әрбір орманшылықта) құрылады. Комиссиялар мүшелерінің саны шебер учаскелері мен орман айналымдарының санына байланысты (әрбір учаске мен айналымнан бір-бір адамнан) орман пайдаланушы құрған орман дақылдарын түгендеу кезінде комиссия құрамына сондай-ақ орман пайдаланушы өкілдері енгізіледі. Орман питомниктерінде түгендеу комиссиясының құрамына питомник бастығы (комиссия төрағасы) және питомник қызметкерлері қосылады.

5. Дербес мекеме болып табылатын орман питомниктерінде түгендеуді басшының бұйрығымен орман питомнигінің қызметкерлері құрамынан құрылған комиссия өткізеді.

6. Түгендеу комиссиялары тікелей орманда орман дақылдарын, питомниктерде отырғызу материалын, орманның табиғи түлеуіне жәрдемдесу шаралары жүргізілген алқаптарды түгендеуді өткізіп, 15 қыркүйекке дейін түгендеу материалдарын орталық комиссияға жолдайды.

7. Орталық комиссия түгендеу комиссияларының жұмысына жалпы басшылық, бақылау жасайды және түгендеу материалдарын қабылдайды және талдайды.

Бақылау жасау 15 қыркүйектен бастап 25 қыркүйекке дейін жұмыс көлеміне байланысты іріктеп тексеру өткізу жолымен жүзеге асырылады:

1) табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген, сондай-ақ табиғи өсірілуге қалдырылған орман ағаштарында:

100 гектарға дейін – кемінде 20 пайыз;

100 – 200 гектар – 15 пайыз;

200 – 500 гектар – 10 пайыз;

500 гектардан жоғары – 5 пайыз.

2) орман питомниктерінде – түгенделетін алқаптың кемінде 2 пайызы.

Орталық комиссия тексеру барысында тексеріліп отырған алқаптың тең жартысында түгендеу бойынша деректерден 5 пайыздан астам мөлшерде ауытқушылық байқаса, түгендеу қайтадан тағайындалып, бұл осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өткізілген түгендеуді іріктеп тексеру актісінде көрсетіледі. Бұл жағдайда түгендеу комиссиясы үшін түгендеуді өткізу және түгендеу материалдарын беру мерзімі 5 қазанға дейін ұзартылады. Орталық комиссия 10 қазанға дейін түгендеу бойынша деректерден ауытқушылық байқалған алқаптарда қайта тексеруді өткізіп, одан кейін түгендеу материалдарын талдауға кіріседі.

8. Бастапқы кезеңде түгендеу процесі дайындық жұмыстарын қамтиды, бұл жұмыстар кезінде мемлекеттік орман иеленуші мынадай іс-шаралар жүргізеді:

1) орман ағаштарын есепке алу кітабындағы, орман питомниктерін есепке алу кітабындағы, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген алқаптарды есепке алу кітабындағы жазбалардың толымдылығы, олардың статистикалық және бухгалтерлік деректерге, питомниктердегі егістерді техникалық қабылдап алу актілеріне, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген алқаптарды техникалық қабылдап алу актілеріне сәйкестігі тексеріледі;

2) әр жыл (маусым) бойынша орман ағаштарын, орман питомниктерін, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және табиғи өсіруге қалдырылған алқаптарды түгендеу көлемі нақтыланады;

3) орман ағаштарын түгендеудің далалық карточкасына осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орман ағаштарын есепке алу кітабынан бастапқы деректер жазылады;

4) орманды табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және табиғи өсіруге қалдырылған алқаптарды түгендеудің далалық карточкасына осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген алқаптарды есепке алу кітабынан бастапқы деректер жазылады;

5) табиғи өсіруге қалдырылған алқаптарды түгендеудің далалық карточкасына осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орман орналастыру материалдарынан бастапқы деректер жазылады;

6) екпе көшеттерді, ағаш көшеттерін және тамырланған қалемшелерді түгендеудің далалық карточкасына осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орман питомниктерін есепке алу кітабынан бастапқы деректер жазылады;

7) терек пен талдың аналық плантацияларын түгендеудің далалық карточкасына осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орман питомниктерін есепке алу кітабынан бастапқы деректер жазылады;

8) осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жойылған егістердерді, үлгі ағаштарды және плантацияларды түгендеудің далалық карточкасына орман питомниктерін есепке алу кітабынан бастапқы деректер енгізіледі.

9. Түгендеу аяқталған соң 20 қазанға дейінгі мерзімде мемлекеттік орман иеленушілер уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелері) түгендеудің жиынтық материалдарын жібереді.

Жергілікті атқарушы органдардың қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілер 15 қазанға дейінгі мерзімде түгендеу материалдарын ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелеріне жібереді, олар өз кезегінде 20 қазанға дейінгі мерзімде оларды аумақтық бөлімшелеріне жолдайды.

10. Осы Қағидаға 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ведомостардың түгендеу материалдарында жойылған орман дақылдарының, егістіктердің, үлгі учаскелердің, плантациялардың алқаптарын және орманның табиғи

түлеуіне жәрдемдесу шаралары жүргізілген, қайта түлемеген алқаптар болған жағдайда аумақтық бөлімшесінің бірінші басшысы түгендеу өткізілуін бақылау комиссиясын (бұдан әрі – Бақылау комиссиясы) құрады, оған аумақтық бөлімшесінің және мемлекеттік орман иеленушінің өкілдері енеді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны кемінде бес адам болуға тиіс.

11. Комиссия жергілікті жерге барып, жойылған орман дақылдарының, егістіктердің, үлгі учаскелердің, плантациялардың алқаптарын және орманның табиғи түлеуіне жәрдемдесу шаралары жүргізілген, қайта түлемеген алқаптарды қарап шыққаннан кейін әрбір мемлекеттік орман иеленуші бойынша:

1) осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Есептен шығарылуға жататын орман ағаштарының алқаптарын тексеру актісін;

2) осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Есептен шығарылуға жататын питомниктің, егіс, үлгі ағаштар бөлімшелерінің алқаптарын және аналық плантацияларын тексеру актісін;

3) осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Есептен шығарылуға жататын табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген қайта түлемеген алқаптарды тексеру актісін толтырады.

Бұл актілер үш данада, бірі – орманшылық үшін, бірі – мемлекеттік орман иеленуші үшін және бірі – аумақтық бөлімшесі үшін жасалады.

12. Осы Қағиданың 11-тармағында көрсетілген актілердің негізінде мемлекеттік орман иеленуші есептен шығаруды жүзеге асырады, бұл осы Қағидаға 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша актілермен ресімделеді.

2. Мемлекеттік орман қорында орман ағаштарына түгендеу жүргізудің тәртібі

13. Орман дақылдарын түгендеу құру жылына және маусымына (көктем, күз) өндіру тәсіліне (себу, отырғызу) тұқымдыға, сондай-ақ олар құрылған мемлекеттік орман қорының мына санаттарына байланысты учаскелер бойынша бөлек өткізіледі:

1) ерекше қорғалатын орман аумақтары;

2) мемлекеттік қорғаныштық орман жолақтары;

3) қалалық ормандар;

4) елді мекендер мен емдеу-сауықтыру мекемелерінің жасыл аймақтары;

5) эрозияға қарсы ормандар;

6) өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар мен басқа да су объектілерінің жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған жолақтары;

7) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы жұрт пайдаланатын темір және автомобиль жолдарының, магистралды су құбырлары мен басқа да желілік құрылыстар жиегіндегі қорғаныштық екпелер;

8) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы жұрт пайдаланатын темір және автомобиль жолдарының жиегіндегі қорғаныштық екпелер;

9) егістік пен топырақ қорғайтын ормандар.

14. Бірінші және үшінші күнтізбелік отырғызу жылының барлық орман дақылдары түгендеуге жатады. Осы Қағиданың 13-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік орман қорының санаттарында оларды орман көмкерген алқапқа ауыстырғанға дейін барлық орман дақылдары жыл сайын түгендеуге жатады, бұл ретте осы Қағиданың 3, 6, 7 және 9-тармақтарында көрсетілген түгендеудің мерзімдері күнтізбелік 5 күнге ұзартылады.

15. Биылғы жылдың көктемінде және осының алдындағы жылдың күзінде өткізілген бір жылдық орман дақылдарын түгендеу бөлек жүргізіледі. Үш жылдық орман дақылдарын түгендеу кезінде сол жылы (отырғызу жүргізілген бір жылдың көктемі мен күзі біріктіріледі) отырғызылған барлық ағаштар ескеріледі.

Орман ағаштарын түгендеу материалдары оларды толықтыру көлемін анықтауға негіз болып табылады.

16. Орман дақылдарын түгендеу кезінде орман дақылдарының жерсінуі мен сақталуы басты тұқымды (басты тұқымдылар) бойынша анықталады.

17. Орман ағаштарын түгендеу осы учаскедегі орман ағаштарының жалпы жай-күйін көрсететін жерлерде сынақ алқаптарын отырғызу және оларда өсіріліп жүрген тұқымдылардың отырғызылған (себілген) өсімдіктерін қайта есептеп, кейіннен бір гектар алқапқа шағып қайта есептеу жолымен жүргізіледі. Отырғызылған ағаштардың (егістердің) жай-күйі бойынша учаске әркелкі болған жағдайда түгендеу, егер оның алқабы 0,5 гектар және одан көп болса, оның әрбір тән бөлігінде жүргізіледі.

Ішінара орман ағаштары және тазартылған (томарлар алынған) дәліздер бойынша қайта жаңарту ретінде отырғызылған екпелер олардың нақты алқабында ескеріледі.

18. Сынақ алқаптары ені бойынша өсірілетін тұқымдыларды араластырудың толық циклын, ал араластырудың әртүрлі схемаларымен орман ағаштарын құрудың ықтырмалық тәсілінде – ықтырманың бүкіл енін қамтиды. Дәліздерде орман ағаштарын өсіру кезінде қайта есептеу тұқымдылардың араласуының толық циклын қамтып, 2-3 дәлізден кейін жүргізіледі.

Сынақ алқаптары араластырудың схемасына байланысты мынадай нысандардың бірінде орналастырылады: тік үшбұрыш, квадрат, радиусы 5,64 метр шеңбер (0,01 гектар алқап), олар ені бойынша ықтырмалық орман ағаштарындағы тұқымдыларды араластырудың жобада көзделген бүкіл схемасын қамтиды.

19. Әрбір учаскеге:

орман ағаштарының бүкіл алқабы бойынша;

учаскені жан-жағына қатар;

біркелкі аралықтардан кейін диагональдары бойынша – оларды біркелкі орналастырып, бірнеше сынақ алқабын немесе учаскенің көлеміне байланысты есептік бөліктер орналастырылады.

20. Сынама алқаптар ауданы немесе учаскелердің ауқымына байланысты есепке алынған кесінділердің ұзындығының қамтылған отырғызу ауданы (егістер):

- 3 гектарға дейінгі учаскеде – 5 пайыздан кем емес;
- 3-тен 5 гектарға дейінгі учаскеде – 4 пайыздан кем емес;
- 5-тен 10 гектарға дейінгі учаскеде – 3 пайыздан кем емес;
- 10-нан 51 гектарға дейінгі учаскеде – 2 пайыздан кем емес;
- 50 гектардан астам учаскеде – 1 пайыздан кем еместі құрайды.

21. Ықтырмалық орман ағаштарын есепке алу кезінде олардың алқабына оларды құру жобасына енгізілген орманды және ормансыз жерлер енгізіледі.

Екі және одан да көп тәсілмен (екі және одан да көп тәсілдік) құрылған ықтырмалық орман ағаштары отырғызудың бірінші жылы бойынша (аға ұрпаққа) ескеріледі. Осыдан кейінгі тәсілдердің алқаптары өсіру тәсілі көрсетіліп, түгендеу материалдарында келтіріледі.

Орманды жерлерге ауыстырылғанға дейін бірінші тәсілдің екітәсілдік орман ағаштары жасына және нормативтік көрсеткіштерге қарамастан ықтырмаларда іс жүзінде жерсінуі бойынша жинақталмаған ағаштар ретінде бағаланады.

Екітәсілдік орман ағаштарының екінші тәсілдегі орман ағаштары бірінші тәсіл ағаштарының жалпы алқабында ескеріледі.

Екінші тәсілдің орман ағаштарын отырғызу мүмкін болмаған жағдайда (жас мерзімдері өткізіліп алды) орман ағаштары жалпы алқабы бойынша ескеріледі, орман ағаштарының сапасы да сол бойынша бағаланады.

22. Құмды жерлерге сексеуіл мен бұталар себудің нәтижелері орман өсу жағдайлары бойынша неғұрлым тән жерлерде учаскенің диагоналы (диагоналдары) бойынша біркелкі отырғызылатын сынақ алқаптарындағы өскіндерді жаппай қайта есептеу жолымен анықталады.

Түгенделетін учаске мен себу схемасының көлеміне байланысты сынақ алқабының көлемі 0,01 гектардан 0,10 гектарға дейін алынады.

Сексеуіл мен бұталардың сақталған өсімдіктерін қайта есептеу үшін сынақ алқаптарының көлемі отырғызылған (себілген) жалпы алқаптың:

- 100 гектарға дейін учаске алқабында – 1 пайызды;
- 100 гектардан 1000 гектарға дейінгі учаскелерде – 0,5 пайызды;
- 1000 гектардан астам учаскелерде – 0,3 пайызды құрайды.

23. Сынақ алқаптарындағы (есептік бөліктерде) өсімдіктерді есепке алғаннан кейін олардың жалпы алқабы (ұзындығы), сақталған және қураған өсімдіктердің саны есептеледі, бұл жайында орман ағаштарының далалық карточкасының тиісті бағандарына жазба жасалады. Сынақ алқаптарында (есептік бөліктерде) есепке алу деректері бір гектарға қайта есептеледі.

24. Сынақ алқаптарындағы (есептік бөліктердегі) орман дақылдарын түгендеудің нәтижелері орман дақылдарын түгендеудің далалық карточкасына енгізіледі.

Орман ағаштарының далалық карточкаларының негізінде орманшылықта осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түгенделген орман ағаштарының жинақ ведомосы жасалады.

25. Орман ағаштарының жай-күйі басты тұқымдылардың алқап бойынша жерсінуімен немесе сақталуымен, бөліну сипатымен, өсімдіктердің осы жағдайларға байланысты өсуімен және дамуымен айқындалады.

26. Орман дақылдары, оның ішінде селекциялық көшет материалы отырғызылған, жай-күйіне байланысты былайша бөлінеді:

1) қалыпты орман дақылдары – түрлі құрылымы өсімдіктердің жағдайына сәйкес келетін және орман дақылдарының жобасына сәйкес құрылған жағдайда ұласып өскен немесе сақталу деңгейіндегі немесе жоғарғы қалыпты орман дақылдары;

2) қанағаттанарлық орман дақылдары – орман дақылдарының жобасына сәйкес құрылған ұласып өскен немесе қалыптыдан төмен сақталған, бірақ 25 пайыздан жоғары орман дақылдары;

3) қанағаттанарлықсыз орман дақылдары – ұласып өскен немесе сақталуы 25 пайыз және одан төмен, тізімнен шығарылуға жататын, сондай-ақ кез келгенмен ұласып өсетін, бірақ орман дақылдарының жобасынан ауытқып құрылған орман дақылдары.

26-1. Орман иеленушінің кінәсі бойынша орман дақылдарының нормалық жерсінуіне қол жеткізбеген жағдайда олар осы орман иеленушінің қаражаты есебінен толықтыруға жатады.

Ескерту. 2-тарау 26-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2018 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Орман дақылдардың нормалық жерсінуі және сақталуы осы Қағидаға 18-қосымшаға сәйкес анықталады.

28. Құлау (жойылу) мөлшері 15 пайыздан асқан орман ағаштары толықтыруға жатады. Орман ағаштарының құлауы (жойылуы) біркелкі емес учаскелерде толықтыру кез келген жерсіну, бірақ 25 пайыздан төмен болмайтын жерсіну кезінде жүргізіледі, мұнда орман екпелері жобалар бойынша сортаң кешенді жерлерде құрылған, ал түгендеу кезінде жойылған учаскелер (дақтар) нақ осы тым сортаң учаскелерде орналасқаны анықталған ұсақ шодыр жерлер (дақтар) қосылмайды.

29. Елді мекендердің жасыл аймақтарының орман ағаштары кез келген жерсіну, бірақ 25 пайыздан төмен болмайтын жерсіну жағдайында 1 гектардағы өсімдіктер санын жобалық мөлшерге дейін жеткізе отырып толықтырады.

Түгендеуге дейін бір айға толмайтын уақытта жүргізілетін орман ағаштарын толықтыру ескерілмейді.

30. Орман ағаштарының жай-күйі басты тұқымдылардың алқап бойынша жерсінуімен (сақталуымен), бөліну сипатымен, өсімдіктердің осы жағдайларға

байланысты өсуімен және дамуымен, жәндіктер мен саңырауқұлақ ауруларының бүлдіруімен, сондай-ақ үй түліктерінің, жабайы жануарлардың жайылуымен айқындалады.

Жойылған орман дақылдарына жойылған орман дақылдары алқабының ведомосы жасалады.

3. Табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген алқаптарға түгендеу жүргізудің тәртібі

31. Табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеу кезінде:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларының 22-қосымшасына сәйкес Орманмен қамтылмаған және орман аясындағы табиғи түлеуін бағалау шәкілдері (бұдан әрі – Шәкіл) бойынша бағаланатын 1 гектардағы өскіндер саны;

2) орманның табиғи түрде қайта түлеуіне ықпал ету шаралары жүргізілген учаскелер алқабы анықталады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 18.12.2019 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген алқаптарға түгендеу табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілгеннен кейін 5 жылдан соң жүргізіледі.

33. Түгендеу табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шараларын жүргізу үшін учаске таңдау кезінде өздігінен өсіп-өнген ағаштар мен өскіндер алдын ала есепке алынған сынақ алқаптарында жүргізіледі.

Тұқымдылар бойынша қайта есептеу кезінде өздігінен өсіп-өнген ағаштар мен тұқымдық және вегетативтік жолмен өскен өскіннің даналары бөлек есептеледі.

Екі жастан бастап және одан үлкен өміршең ағаштар мынадай биіктік топтары бойынша бөлініп ескеріледі: ұсақ – 0,5 метрге дейін, орташа – 0,6 – 1,5 метр және ірі – 1,5 метрден астам.

34. Орманның қалпына келуінің ойдағыдай орын алуын бағалау кезінде өскін, егер биіктігі 0,5 метрге дейін даналар жалпы мөлшерінің 2/3 астамын құраса ұсақ, егер биіктігі 1,5 метрден астам мөлшері жалпы мөлшерінің 1/3 астамын құраса, ірі, қалған жағдайларда өскін орташа болып есептеледі.

35. Өркендерден қалпына келген алқаптарды түгендеу кезінде бір томардың барлық өркені қалпына келу бірлігі ретінде қабылданады, ал тамыр тармақтарын есептеу

кезінде әрбір тармақ жеке дана болып есептеледі. Өскіннің әрбір жас тобына үлгілік ағаштар әдісімен жасы белгіленеді.

Жиілігі бойынша өскін былай бөлінеді: сирек – 1 гектарға 2 мың өсімдікке дейін, орташа – 2-8 мың, 8 мыңнан асса, жиі болып есептеледі.

Өміршең қылқан жапырақты өскін мен тал қалың жапырақтануымен, қылқанының қою жасыл түсімен, соңғы 3 жылда қаулап өсуімен сипатталады.

36. Қалпына келген орман ағаштарына түгендеу жүргізу үшін қалың және сирек жиілік жағдайында көлемі 4 шаршы метр, орташа жиілік жағдайында 10 шаршы метр және ірі және сирек өскін жағдайында 20 шаршы метр сынақ алқаптары іріктеп алынады.

Сынақ алқаптары 1 гектарға шаққанда кемінде бес алаңша болатын есеппен осы алқап үшін неғұрлым тән жерлерде біркелкі орналастырылады. 1 гектарда олардың көлемі бірдей болуға тиіс.

37. Сынақ алқабында барлық ағаш тұқымдылары биіктік топтары бойынша бөлініп, қайта есептелуге жатады, сондай-ақ ұшар бастардың жинақталуы (толымдығы) айқындалады. Сынақ алқаптарында екінші дәрежелі тұқымдылардың мөлшері мен олардың биіктігі көзбен шолып анықталады.

38. Әрбір есептік алқаптағы қайта есептеу нәтижелері табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген алқаптарды түгендеудің далалық карточкасының кестесіне енгізіледі, ол әрбір учаскеге толтырылады. Содан соң әрбір учаске үшін сынақ алқаптарындағы ағаш тұқымдыларының саны (тұқымдылар бойынша және барлығы) есептеліп 1 гектарға көшіріледі (тұқымдылар бойынша және барлығы). 1 гектарға шаққанда ұшар басының жинақталуы сынақ алқаптарындағы өлшеуден алынған орташа арифметикалық көрсеткіш ретінде айқындалады. Далалық карточкаларға, сондай-ақ қайта түлеген тұқымдылардың құрамы мен жасы, кездесуі және жұмсақ жапырақты тұқымдылардың қылқан және қатты жапырақты тұқымдылардың биіктігінен асып түсуі енгізіледі.

39. Кездесуі басты тұқымдының алқапта біркелкі орналасуын сипаттайды және бағалы басты тұқымдының өсімдіктері бар есептік алқаптар санының отырғызылған алқаптардың жалпы санына пайызбен көрсетілген ара қатынасы ретінде есептеледі. Кездесу көрсеткіші 66 пайыз және одан жоғары орналасу, біркелкі, кездесуі 40-65 пайыз болса, біркелкі емес болып есептеледі. Сынақ алқабының ағашы кесілген әртүрлі жерлерінде табиғи түрде қайта түлеудің кездесуін салыстырмалы бағалау үшін көлемі бірдей ағаштар алынады.

40. Бағалы ағаш тұқымдыларымен қайта түлеген және орман көмкерген жерлерге ауыстыруға жататын ағашы кесілген жерлерде қылқан және қатты жапырақты тұқымдылар қажетсіз тұқымдылардың ағаштарымен және бұталарымен көлегейленуге тиіс емес. Соңғылары басты тұқымды ағаштарының орташа биіктігі көрсеткішінің 70 % аспауы керек. Осы көлем ұлғайған жағдайда жас талдарда күтім жасау мақсатында

алдын ала (орман көмкерген жерлерге ауыстырғанға дейін) ағаш кесу шараларын жүргізу қажет.

41. Сынақ алаңдарында табиғи түрде қайта түлеуді есепке алу нәтижелері негізінде олардың жай-күйі туралы қорытынды беріледі ол табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген алқаптарды түгендеудің далалық карточкасына енгізіледі.

42. Қылқан және жапырақты тұқымдылардың табиғи түрде қайта түлеуінің жай-күйін бағалау шәкілдер бойынша жүргізіледі.

43. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № 561 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6531 болып тіркелген) Мемлекеттік орман қорындағы орманды жерлерді, пайдаланылатын жерлердегі, орман көмкермеген жерлерге ауыстыру қағидасына сәйкес басты тұқымдарды жақсылап жаңарту шкаласына сәйкес қолда бар алқаптар орман көмкерген жерлерге ауыстырылады және бағалы сүрек екпелерінің бұталар санатына енгізуге жатады, орман көмкерген жерлерге ауыстыруға жатады.

44. Шкала бойынша анықталған басты тұқымдарды қанағаттанарлық табиғи жаңартылатын алқаптар басты тұқымдарды жаңартуы аяқталмаған алқаптар сататына қатысты. Осы алқаптарда қосымша басты тұқымдардың көшеттеу немесе шашып отырғызу тәсілімен ормандарды табиғи жаңартуды қолдау шаралары тарап етіледі. Осы алқаптардағы қайта түгендеу отырғызғаннан кейінгі бірінші және үшінші жылдары жүргізіледі.

45. Шкала бойынша анықталған табиғи жаңаруы жеткіліксіз алқаптар орман дақылдарының қорына қосуға және тізімінен алуға жатады.

46. Табиғи жаңаруы жеткіліксіз алқаптарға табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген қайта түлемеген алқаптардың ведомосы жасалады.

47. Табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген алқаптар үрдісінде болып жатқан барлық өзгерістер жұмыс жүргізудің әрбір жылы бойынша табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және табиғи өсуге қалдырылған алқаптарды есепке алу ведомосында осы қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетіледі.

4. Мемлекеттік орман қорында табиғи өсуге қалдырылған алқаптарға түгендеу жүргізудің тәртібі

48. Табиғи өсуге қалдырылған алқаптарға түгендеу жүргізу табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген алқаптарды түгендеу сияқты жүзеге асырылады.

49. Әрбір сынақ алқабында қайта есептеу нәтижелері табиғи өсуге қалдырылған алқаптарды түгендеудің далалық карточкасына енгізіледі, ол әрбір учаскеге толтырылады.

50. Шкала бойынша анықталған табиғи жаңартуы жеткіліксіз алқаптар орман дақылдарының қорына қосуға жатады.

51. Табиғи өсуге қалдырылған алқаптарды түгендеу нәтижелері осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табиғи өсуге қалдырылған алқаптарды тексеру актісіне енгізіледі.

5. Орман питомниктерін түгендеу жүргізудің тәртібі

52. Орман питомниктерін түгендеу өсу кезеңі аяқталғаннан кейін, бірақ күзгі қазу басталғанға дейін егісті және үлгілік ағаштар бөлімшелерінің жекелеген танаптары бойынша өсімдіктердің тұқымдарына, жасына қарай ашық және жабық топырақта өткізіледі.

53. Орман питомниктерін түгендеу барысында мыналар белгіленеді:

1) есептік жылда тұқымы, түрлері (егістер, көшеттер, тамырлы саптар) және жасы бойынша отырғызу материалдарының бар болуы және сапасы;

2) селекциялық көшет материалының болуы;

3) бір гектардан және жоспарлы мөлшерге пайызбен шаққанда стандартты көшет материалының нақты шығымы;

4) қураған егістердің, үлгілік ағаштардың, плантациялардың, жойылған егістердің алқаптары анықталады.

54. Стандартты отырғызу материалы негізгі параметрлері (жасы, биіктігі, тамыр мойнының жуандығы) бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 18-02/897 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12249 болып тіркелген) бекітілген Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалын пайдалану, олардың орнын ауыстыру қағидаларының 3 және 4-қосымшаларында көзделген талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес болуы тиіс.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2018 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Бір гектардағы себу жолының ұзындығы 20 мың қума метрге дейін болатын жағдайда көшет материалын түгендеу:

1) әрбір тұқым мен жас бойынша себу жолының жалпы ұзындығының 2 пайызына екпе көшеттерді біркелкі бөліп;

2) әрбір тұқым мен жас бойынша себу жолының жалпы ұзындығының 4 пайызына екпе көшеттерді біркелкі бөліп жүргізіледі.

Егер бір гектардағы себу жолының ұзындығы 20 мың қума метрден асып кетсе, екпе көшеттерді тұтас қайта есептеу олардың жалпы ұзындығының 1 пайызына жүргізіледі.

Әрбір тұқым мен жас бойынша себу жолдарының жалпы ұзындығы өлшеу арқылы нақтыланады.

56. Екпе көшеттерді қайта есептеу бірінші қатардың басынан соңғы қатардың аяғына дейін тартылған арқанмен диагонали бойынша жүргізіледі. Қиылысып өтетін қатардың бойында ұзындығы себу жолдарының орташа ұзындығынан 2 немесе 4 % есептік бөліктер орналастырады. Есептік қатарлар біркелкі орналасуға тиіс. Есептік жолақтың немесе қатардың әрбір жолын бойлай орналасқан есептік бөліктегі барлық екпе көшеттер қайта есептеліп, олар стандартты көшеттерге бөлінеді (Талаптарға сәйкес келетін) және нәтижелері екпелерді, екпе көшеттерді және тамырланған қалемшелерді түгендеудің далалық карточкасына енгізіледі. Есептік бөліктердегі

57. Екпе көшеттердің жасы белгіленген Талаптарға тең немесе одан асып түсетін талаптарда оларды жалпы қайта есептеу жүргізіліп, стандартты көшеттер бөліп алынады (Талаптарға сәйкес келетін), бұл ретте стандартты екпе көшеттердің алқабы түгенделетін екпе көшеттердің жалпы алқабына сай келуге тиіс.

58. Егер түгенделіп отырған танапта екпе көшеттердің жасы стандарт немесе техникалық шарттар Талапта белгілеген мөлшерден аз болса және стандартты екпе көшеттердің болуы көзбен шолып бағалау бойынша – 50 пайыздан төмен болса стандартты көшеттер бөліп алынбай олардың жалпы саны ғана қайта есептеліп, өсе түсуге қалдырылады.

Екпе көшеттерді есептеу кезінде стандарттылықты анықтау түгенделіп отырған өсімдіктерді эталон Талаптарға сәйкес келетін – екпе көшетпен салыстыру жолымен жүргізіледі.

Бір кума метрге екпе көшеттердің орташа саны ескерілген екпе көшеттердің барлық санын барлық есептік бөліктердің кума метрлердің жалпы санына бөлу арқылы анықтайды. 1 кума метрге стандартты екпе көшеттердің орташа саны да дәл осындай тәсілмен анықталады. Алынған деректерді екпе көшеттерді, ағаш көшеттерін және тамырланған қалемшелерді түгендеудің далалық карточкасына енгізіп, учаске алқабына көшіреді.

59. Түгендеу деректері мен көзбен шолып қарау негізінде егістердің жай-күйі, екпе көшеттердің отырғызуға жарамдылығы немесе келесі жылға өсе түсуге қалдыру қажеттігі туралы қорытынды жасалады, күтім жасау шаралары, үлгілік ағаштар бөлімшелерін толықтыру және басқа да іс-шаралар белгіленеді, олар екпе көшеттерді, ағаш көшеттерін және тамырланған қалемшелерді түгендеудің далалық карточкасына енгізіледі.

60. Тұтас егістіктерде екпе көшеттерді түгендеу 1 метр де 0,5 метр есептік рамканың көмегімен есептік алқаптар отырғызу арқылы жүргізіледі, рамка тең аралықтардан кейін қатарларға ұзын жағымен көлденең қойылады. Сынақ алқаптарының жалпы көлемі егіс алқабының кемінде 4 пайызын құрауға тиіс. Есеп бірлігі бұл жағдайда шаршы метр болып табылады. Ол екпе көшеттерді, ағаш

көшеттерін және тамырланған қалемшелерді түгендеудің далалық карточкасының 9-тармағында көрсетіледі.

Екпе көшеттерді қайта есептеу бүкіл есептік алқапта жүргізіледі. Стандартты көшеттерді бөліп алу эталондық көшет бойынша көзбен шолу арқылы жүзеге асырылады.

61. Жабық топырақтағы көшеттерді түгендеу ұзындығы кемінде 1 метр, егістік қатарлардың бойында (қатараралық егіс) немесе тең аралықтан кейін қатарларға көлденең (қатараралық егіс) орналастырылатын есептік қатарларда жүргізіледі. Есептік бөліктердің жалпы ұзындығы егіс жолдарының бүкіл ұзындығының кемінде 2 пайызы болуға тиіс.

62. Көлемі шағын орман питомнигінің үлгілік ағаштар бөлігінде екпе көшеттер мен тамырланған қалемшелерді есепке алу тұтас қайта есептеу арқылы жүргізіледі. Отырғызу жиілігі 1 гектарға шаққанда 100 мың өсімдіктен асатын тығыз үлгілік ағаштарда көшеттерді түгендеу ашық топырақты егіс бөлімшесіндегі сияқты жүргізіледі. Көшеттер саны Талаптар бойынша анықталады. Есептік бөліктердегі немесе сынақ алқаптарындағы көшеттерді қайта есептеу нәтижелері екпе көшеттерді, ағаш көшеттерін және тамырланған қалемшелерді түгендеудің далалық карточкасына енгізіледі.

63. Теректер мен талдардың аналық плантацияларында көшет материалын түгендеу көлемі 10 метр де 10 метр сынақ алқаптарындағы әрбір учаскеде жүргізіледі.

Сынақ алқаптары 1 гектарға шаққанда 2 сынақ алқабы есебімен учаскеге тән жерлерде отырғызылады. Әрбір сынақ алқабында өсіп тұрған барлық бұталарды есептейді, әрбір бұтада қалемшеге жарамды сыпталған ағаштар саны есептеледі, сыпталған ағаштардың орташа ұзындығы анықталып, сынақ алқабындағы сыпталған ағаштардың жалпы ұзындығын есептеп шығарады.

64. Есепке алу деректері теректер мен талдардың аралық плантацияларын түгендеудің далалық карточкасына енгізіледі.

Барлық сынақ алқаптарының қорытынды деректерін жинақтап, плантацияның 1 гектарына және бүкіл алқабына тиісті есеп-қисаптар жасалады.

65. Бір бұтадағы сыпталған ағаштардың орташа мөлшері сыпталған ағаштардың жалпы санын ескерілген бұталардың санына бөлу жолымен анықталады. 1 гектардағы сыпталған ағаштар мөлшері бір бұтадағы сыпталған ағаштардың орташа мөлшерін 1 гектарда сақталған бұталардың санына көбейту жолымен есептен шығарады.

Сыпталған ағаштың орташа ұзындығын есептік алқаптардағы сыпталған ағаштардың жалпы ұзындығын осы бұтада қалемшеге жарамды сыпталған ағаштар санына бөлу жолымен анықталады. 1 гектардағы қалемшелердің жалпы мөлшері 1 гектардағы сыпталған ағаштардың санын сыпталған ағаштың орташа ұзындығына көбейтіп, алынған санды қалемшенің қажетті ұзындығына бөлу жолымен анықталады.

Аналық плантацияда бұталардың сақталуы сақталған бұталардың жалпы мөлшерін отырғызылған өсімдіктердің санына бөлу жолымен анықталады.

66. Көзбен шолып тексеру деректері бойынша аналық плантацияның жай-күйі, күтіліп отырған отырғызу материалының сапасы туралы қорытынды жасалады, күтім жасау шаралары белгіленіп, олар теректер мен талдардың аналық плантациясын түгендеудің далалық карточкасына енгізіледі.

67. Орман питомниктерін түгендеу кезінде қураған егістер, үлгілік ағаштар мен плантациялар тексеріледі.

68. Қураған егістерге топырақта сау тұқымдардың 25 пайыздан аз мөлшері немесе көшеттер шығымының белгіленген нормасынан шығымдардың 10 пайыздан аз мөлшері бар, бір мезгілде сау тұқымдардың 20 пайыздан аз мөлшері қалған барлық егістер жатқызылады.

69. Шығым берген егістерге үстіміздегі жылы өспей қалған көшеттердің белгіленген шығым нормасының 25 пайыздан астам мөлшерінде сау тұқымдар сақталып қалған немесе белгіленген нормадан кемінде 10 пайыз шығымы бар және бір мезгілде кемінде 20 пайыз сау тұқымдар сақталған егістерді жатқызады.

